

Облыс ішкі істер органдарының күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесі туралы

Атырау облысы әкімиятының қаулысы 2002 жылғы 4 шілдедегі NN№194. Атырау облысының әділет басқармасында 2002 жылғы 24 шілдеде N 1066 тіркелді. Мемлекеттік тіркелуге жатпайды - ҚР Атырау облысы Әділет департаментінің 2006 жылғы 18 қазан 3-3333/06 хаты негізінде

*ҚР Атырау облысы Әділет департаментінің
2006 жылғы 18 қазан 3-3333/06 хатынан
үзінді:*

*Атырау облыстық Әділет департаменті ертеде тіркелген нормативтік құқықтық актілеріне қайта тексеріс жүргізілген қорытындысы бойынша және Қазақстан Республикасы өділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді тіркеу департаментінің 2006 жылғы 31 наурыздағы N 4-2-1/и623 хатына сәйкес, Сізге Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 38-бабының талаптарына сәйкес келмейтін тіркелген нормативтік құқықтық актілердің тізімін, "Заң" деректер базасына тиісті жазбаларды енгізу үшін, жолдайды.
қосымша 2 бетте.*

А О Ә Д б а с т ы ғ ы

қ о с ы м ш а :

2) Атырау облыстық әкімиятының 2002 жылғы 4 шілдедегі N 194 "Облыс ішкі істер органдарының күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесі туралы" қаулысы (Атырау облыстық Әділет департаментінде 2002 жылғы 24 шілдеде N 1066 тіркелді)

...

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрестің 2000-2002 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" 2000 жылғы 31 қазандағы NN№1641 P001641_ Қаулысын орындау үшін, Қазақстан Республикасының "Күзет қызметі туралы" 2000 жылғы 19 қазандағы Z000085_ Заңына сәйкес және қылмыстың алдын алу, құқық тәртібі мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыстық әкімият қаулы етеді:

1. Облыстық әкімшіліктің жанынан облыстық ішкі істер органдарының

күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі

үйлестіру Кеңесі құрылсын (бұдан әрі - Кеңес).

2. Кеңес туралы ереже бекітілсін (тіркеледі).

3. Кеңестің жұмысшы органы болып облыстық ішкі істер басқармасының мемлекеттік күзет қызметі бөлімі белгіленсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Облыс әкімі

Облыстық әкімияттың
2002 жылғы 4 шілдедегі N№194
қаулысымен бекітілген

Облыс ішкі істер органдарының күзет қызметі
субъектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз
ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Облыс әкімияты жанындағы облыс ішкі істер органдарының күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөніндегі Үйлестіру Кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) облыс көлемінде күзет қызметі субъектілерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру және үйлестіруді қамтамасыз ететін және мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасы заңнамасымен жүктелген міндеттерді орындауға жәрдемдесетін кеңесші, тұрақты қызмет ететін орган болып табылады.

2. Кеңес облыстық әкімияттың қаулысымен құрылады, қайта құрылады және таратылады, ал Кеңестің жеке құрамын облыс әкімінің ұсынысы бойынша Атырау облыстық мәслихаты бекітеді.

Кеңестің жұмысына ұйымдық және әдістемелік көмекті Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрлігі, тікелей көмекті - Атырау облыстық ішкі істер басқармасы көрсетеді.

3. Кеңестің төрағасы облыс әкімінің бірінші орынбасары болып табылады.

4. Кеңестің мүшелігіне облыстық ішкі істер басқармасының криминалдық полиция басқармасының, қоғамдық қауіпсіздік басқармасының, мемлекеттік күзет қызметі бөлімінің басшы құрамы, мемлекеттік емес күзет қызметтерінің басшылары және күзетшілерді даярлау және қайта даярлау жөніндегі оқу орталықтары, облыс әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық және әскери-жұмылдыру жұмысы бөлімінің бас маманы кіреді.

5. Кеңестің қызметі оның отырыстарында бекітілетін жоспарлар негізінде

ж ү р г і з і л е д і .

Кеңес күзет қызметі субъектілерінің қызметін үйлестіру және олардың аумақтық ішкі істер органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін және тиімді түрлерін таңдауда және жоспарлауды ұйымдастыруда дербес болып табылады.

6. Кеңес өзінің отырыстарын тоқсанына бір реттен кем емес және қажеттілігі туындағанда өткізеді, Кеңестің отырысына оның мүшелерінің қатысуы міндетті.

7. Кеңес отырысын оның Төрағасы, немесе оның тапсырмасы бойынша орынбасары өткізеді. Кеңес мүшелерінің жартысынан көбінің қатынасуы отырысты өткізуге құқықтық негіз болып табылады.

8. Кеңес шешімін жай көп дауыспен қабылдайды, оны хаттамамен ресімдеп, Төраға бекітеді.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

9. Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері мыналар болып табылады:

1) аумақтық ішкі істер органдарының күзет қызметі субъектілерімен қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтаудағы өзара іс-қимылын әрекеттестігін ұйымдастыру, қылмыстылықпен күресуге және алдын алуға қатысу;

2) күзет қызметтері субъектілерінің қатысуымен қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі жоспарларға әдістемелік ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

3) қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау және қылмысқа қарсы күреске қатысу нысандарын жетілдіру жөніндегі шараларды айқындау үшін ішкі істер органдары, жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің мемлекеттік емес күзет ұйымдары басшыларымен кездесулерін ұйымдастыру және өткізу;

4) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын, жеке және заңды тұлғалардың мүліктерін қылмыстық және басқа да заңсыз қол сұғушылықтан қорғау жөніндегі мемлекеттік емес күзет ұйымдарының қызмет көлемін ұлғайту;

5) ішкі істер органдары және басқа да құқық қорғау органдары қызметкерлерін қатыстыру арқылы Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген мамандандырылған оқу орталықтарында күзет қызметі субъектілеріне күзетшілерді даярлау және қайта д а я р л а у д а к ө м е к к ө р с е т у ;

6) мемлекеттік емес күзет ұйымдары мен ішкі істер органдарының қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға және қылмысқа қарсы күрестегі бірлескен қызметінің оңды тәжірибесін тарату, осы мақсаттарға ішкі істер органдары және басқа құқық қорғау органдарының ардагерлері облыстық Кеңестерін қатыстыру;

7) күзет қызметі субъектілерінің ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылы мәселесі бойынша қызметіндегі оңды мысалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында үнемі жариялап отыру.

3. Кеңестің функциялары

10. Кеңес өз құзыреті шегінде және белгіленген тәртіппен келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) тұрақты жұмыс істейтін кеңесші орган ретінде, облыс көлемінде күзет қызметі субъектілерінің ішкі істер органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастыруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді;

2) күзет қызметі субъектілерінің ішкі істер органдарымен қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауға және қылмысқа қарсы күрестегі бірлескен қызметіндегі мүмкіндіктерін пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі талдау және қорытуды жүзеге асырады;

3) мемлекеттік органдардың күзет қызметі субъектілерінде тексеру жүргізу тәжірибелерін талдайды, оны жетілдіру және анықталған кемшіліктерді жою жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтармен күрестегі болдырмау шараларын қолдану саласындағы күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің өзара іс-қимылын нығайту және ақпараттар алмасуға бағытталған іс-шаралар кешенін әзірлейді және жүзеге асырады;

5) күзетілетін объектілерде қылмыстың мүліктік және басқа да түрлерінің алдын алу мақсатында мемлекеттік емес күзет ұйымдарының басшыларын қылмыстық ахуал туралы ақпараттармен қамтамасыз етеді;

6) күзет қызметі саласындағы көкейкесті кәсіби және қоғамдық маңыздағы проблемалар бойынша күзет қызметі субъектілеріне әдістемелік және кеңестік көмек көрсетеді;

7) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

(Маман: Ержанова К.С.)